

БАЛА ТӘРБИЕСІ ТЕК МЕКТЕП ІСІ МЕ?

7-БЕТ | ҚОҒАМ



ТАРИХ ПЕН ТАҒЫЛЫМ ТОҒЫСҚАН

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Конституциямызға «Біз бәріміз Әділетті Қазақстанды ең жоғары мақсат ретінде көздейміз және оған жетеміз» деген қағидатты енгізуіміз керек. Негізгі заңға, соның ішінде, преамбуланың жаңа мәтініне құқықтық мемлекет құруға, сондай-ақ табиғатты аялауға және қоршаған ортаны қорғауға қатысты қағидаттарды енгізу керек деп санаймын. Мемлекет құрылысына қатысты осы қағидаттың бәрі – ешқашан ескірмейтін, әрдайым өзекті болып қала беретін және қайта қарауға жатпайтын мызғымас қағидаттар. Біз Ата заңда еліміздің зайырлы мемлекет екенін әйгілейтін нормаларды сақтап, күшейте түсуіміз қажет. Конституциямыз заман талабына сай болуы керек.

№14
(4912)
Бейсенбі
5 ақпан
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ


2035 жылға қарай Астана халқының саны 2,275 миллион адамға жететіні болжанады. Ал қаланың жалпы аумағы 79 733 гектарға дейін ұлғаймақ. Осындай болжамдарға орай елорданың даму жоспарында 130-дан астам инвестициялық жоба қарастырылған.

3



ЕЛОРДА ҚАЛАЙ ДАМИДЫ?





САНСӨЙЛЕМ

ЕЛОРДА ЭКОНОМИКАСЫНА 2025 ЖЫЛЫ РЕКОРДТЫ КӨЛЕМДЕ ИНВЕСТИЦИЯЛАР ТАРТЫЛДЫ, ЯҒНИ

2,5 трлн

ТЕҢГЕ, БҰЛ АЛДЫҢҒЫ ЖЫЛМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА 21,3%-ға КӨП.



Президент жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының директоры Жандос Шаймарданов Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның отырысында Ата заңға енгізілетін өзгерістерді халықтың қалай қабылдап жатқаны туралы мәлімет берді.

«Қоғамдық пікір» институты өткізген сауалнаманың нәтижесіне сәйкес, респонденттердің 79 пайызы жүргізіліп жатқан Конституциялық реформаны уақтылы деп санайды. Сонымен қатар, азаматтардың едәуір бөлігі Конституциядағы өзгерістерді жеке әл-ауқатының артуымен, өмір сапасының жақсаруымен тікелей байланыстырады» деді институт басшысы.

Сонымен қатар Конституция жобасы жарияланған сәттен бастап «е-Өтініш» платформасына азаматтардан 4 мыңнан астам ұсыныстар мен өтініштер түскен. Сауалнамаға қатысқандардың басым көпшілігі, яғни, респонденттердің 78 пайызы Конституциялық реформаны қолдайтынын білдірген.

7-8 АҚПАН

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ

Жәрмеңкеде көкөністер мен жеміс-жидектерді, ет өнімдерін, ұн және сүт өнімдерін, наубайхана тауарларын тиімді бағада сатып ала аласыздар. Жәрмеңке сағат 10:00-ден 19:00-ге дейін өтеді. Өтетін орны: «Keryen Joly» сауда орталығы, Алаш тасжолы, 35Б.



№14 (4912) 05/02/2026 Бейсенбі

AQORDA



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ МАҢЫЗДЫ КЕЗЕҢІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Пәкістанға мемлекеттік сапармен барды. Пәкістанның шекарасына енгеннен бастап Әскери әуе күштерінің ұшақтары Қазақстан Президенті мінген бортпен қапталдасып ұшты. Мемлекет басшысын Исламабад әуежайында Президент Асиф Али Зардари мен Премьер-министр Шахбаз Шариф қарсы алды. Мәртебелі мейманның келуіне орай Құрмет қарауылы сап түзеп, зеңбіректен 21 мәрте оқ атылды. Сондай-ақ Қазақстан мен Пәкістанның туларын ұстаған балалар Қасым-Жомарт Тоқаевқа қошемет көрсетті.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Премьер-министр Шахбаз Шариф шағын құрамда келіссөз жүргізді.

Қарсы алу рәсімінен кейін Қазақстан Президенті Пәкістан Премьер-министрінің резиденциясы аумағында ағаш отырғызды.

Бұдан соң екі ел басшылары келіссөз залына барды.

Тараптар соңғы жылдары Қазақстан мен Пәкістан арасында көпжоспарлы ынтымақтастық қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. Сондай-ақ саяси, сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық ықпалдастықты нығайтудың перспективті бағыттарын талқылады.

Кездесу барысында сауда, көлік-логистика, энергетика, ауыл шаруашылығы, цифрландыру, ғарыш және қаржы салаларындағы қарым-қатынасты тереңдету мәселесіне баса назар аударылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шахбаз Шариф өңірлік және халықаралық күн тәртібінің өзекті мәселелері жөнінде пікір алмасты.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шахбаз Шарифтің келіссөздері екі ел делегацияларының қатысуымен кеңейтілген құрамда да жалғасты.

Президент Исламабадқа келіп, Пәкістанның бай тарихымен, мәдени мұрасымен және ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлерімен танысуды зор мәртебе санайтынын атап өтті.

– Қазақстан Президенті ретінде Пәкістанға бірінші рет мемлекеттік сапармен келіп отырмын. Бұл сапар тарихи мәнге ие және уақыт тезінен өткен серіктестігіміздің маңызды кезеңі саналады. Мен бұған сенімдімін. Халықтарымыздың Жібек жолы арқылы және кең таралған ислам өркениеті аясында ғасырлар бойы қалыптасқан достығын жоғары бағалаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы аталған сапар дипломатиялық қарым-қатынастың орнағанына 34 жыл толуымен тұспа-тұс келгеніне тоқталып, мұның символдық мәніне назар аударды. Президенттің айтуынша, Пәкістан – Қазақстанның тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бері Оңтүстік Азиядағы маңызды әрі сенімді серіктесі.

Қасым-Жомарт Тоқаев бүгін қол қойылатын Стратегиялық серіктестік орнату туралы бірлескен декларация өзара ықпалдастыққа жол ашатын маңызды тарихи межені айқындайтынын айтты.

Мемлекет басшысының пікірінше, Астана мен Исламабад екіжақты байланыстар мен ынтымақтастыққа тың серпін беретін мүмкіндікке ие.

Президент Пәкістанға үлкен делегациямен және сауда-экономикалық, инвестициялық ынтымақтастықты, сондай-ақ басқа да басым салалардағы ықпалдастықты арттыруға бағытталған нақты ұсыныстармен келгенін атап өтті.

Кездесуде көлік бағыттарын өзара ұштастыруға ерекше мән берілді. Бұл – Қазақстанның негізгі басымдықтарының бірі. Еліміз Шығыс пен Батысты, Солтүстік пен Оңтүстікті жалғайтын тоғыз жолдың торабында орналасқан. Президенттің айтуынша, Қазақстан Орталық Азия елдерімен үйлесімді қарым-қатынас жасау арқылы көлік-логистика саласындағы нақты жобаларды жүзеге асыруды жалғастырады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Пәкістан Премьер-министрін Қазақстанға мемлекеттік сапармен келуге шақырды. Сондай-ақ бүгінгі уағдаластықтардың жүзеге асырылуын пысықтау және екіжақты қарым-қатынасты нығайтудың алдағы қадамдарын айқындау үшін мәртебелі мейманды биыл қарсы алуға дайын екенін жеткізді.

Кездесуде атап өтілгендей, Қазақстан мен Пәкістанның көпжақты алаңдарда, соның ішінде БҰҰ, ШЫҰ және басқа да ұйымдар аясында тығыз ықпалдастықты жалғастыруы маңызды.

Шахбаз Шариф Қазақстан Президентін Исламабадта ыстық ықыласпен қарсы алды.

– Елімізге арнайы уақыт тауып келгеніңіз үшін Сізге алғыс айтамыз. Пәкістан халқымен, Үкіметімен бірге Сізді қарсы алғаныма қуаныштымын. Қазақстан – біздің стратегиялық серіктесіміз. Достығымызды нығайтып, экономиканың түрлі бағыттарында, саясат, қорғаныс салаларында сенімді серіктестік орнату, сондай-ақ сауда дәліздерін қалыптастыру мақсатында Қазақстан Үкіметімен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істегіміз келеді. Бұған күмәніңіз болмасын, – деді Премьер-министр.

Шахбаз Шарифтің айтуынша, Пәкістан мен Қазақстанның сауда-экономикалық ынтымақтастықты, соның ішінде энергетика, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік, цифрландыру салаларындағы серіктестікті дамытуда әлеуеті жеткілікті. Премьер-министр екіжақты қарым-қатынастың барлық бағыты бойынша нақты әрі елеулі прогресс қажет екеніне назар аударды.

Келіссөз соңында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шахбаз Шариф екі ел халықтарының игілігі үшін сан қырлы ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге мүдделі екенін растады.

ТІЛІМІЗ ТҰҒЫРДАН ТҮСПЕЙДІ

Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның кезекті отырысында Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин жаңа Ата заң жобасындағы мемлекеттік тілге қатысты нормаға тоқталды.

«Жаңа Конституцияда мемлекеттік тіл қазақ тілі екені тайға таңба басқандай нақты жазылған, айқын бекітілген. Атап айтқанда, жаңа Конституцияның жаңа жобасында «Конституциялық құрылыс негіздері» деп аталатын 1-бөлімнің 9-бабының 1-тармағында Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі деп тікелей белгіленген, анық көрсетілген. Яғни, бізде мемлекеттік тіл біреу. Ол – қазақ тілі. Басқа мемлекеттік тіл жоқ. Тіліміз биік тұғырда, өз орнында» деді Мемлекеттік кеңесші. Оның айтуынша, мемлекетіміз барда қазақ тілі ешқашан ол тұғырдан түспейді. «Демек сол үшін ең бастысы мемлекетті сақтау керек. Мемлекетті қорғау керек. Ең бірінші, ел бірлігін ойлау керек» деп түсіндірді Е.Қарин.

Мемлекеттік кеңесші сондай-ақ 1995 жылы қабылданған Конституция мен жаңа Конституция жобасының айырмашылықтарын атады. «Әлеуметтік желіден оқып жатырмыз. Комиссия осы күндері шешім қабылдады дегенге саятын пікірлер бар. Біз мәтінді қоғамдық талқылау үшін жариялап отырмыз. Білсеңіздер, 1995 жылы қабылданған Ата заңды кезінде дайындау үшін арнайы сарапшылар кеңесі құрылған болатын. Оның құрамында бар болғаны 12 адам болды. Біздің Конституциялық комиссияның құрамында 130 адам бар. Барлық өңірлердің өкілдері осы жиынға, әр отырысқа қатысып отыр. Қазір қолданыстағы Ата заңды дайындауға қатысқан 12 азаматтың 9-ы Қазақстан азаматы, қалған үшеуі сырттан шақырылған маман еді. Біз қоғам назарына ұсынып отырған Ата заңды елдің азаматтары дайындап отыр. Сырттан ешкім келіп дайындап жатқан жоқ. Сондықтан біз дайындап, қоғам назарына ұсынып отырған Конституция жобасы шын мәнінде нағыз халықтық Конституция деп айтуға болады. Себебі барлық өңірлердің, барлық саланың, өкілдері қатысып отыр. Барлық отырыс тікелей эфирде, халықтың назарында» деді ол.

Ерлан Қариннің айтуына қарағанда, қолданыстағы Ата заңның елдің дамуына, мемлекеттілігіміздің нығаюына қосқан үлесін ешкім де жоққа шығарғалы жатқан жоқ. «Бірақ бұл Ата заң еліміз енді ғана тәуелсіздік алып жатқан кезде, елең-алаң шақта қабылданды. Ал біз қазір мемлекеттілігі орныққан, тәуелсіздігі бекіген, әлем қауымдастығында өз орнын иеленген мемлекетпіз. Қолданыстағы Ата заң посткеңестік, транзиттік рухта жазылса, жаңа Конституция заманауи әрі ұлттық мүддені көздейді. Қазіргі Конституцияда мемлекеттің мүддесіне басымдық берілсе, жаңа Конституцияда адам құқықтары мен бостандықтары бірінші орынға шығып отыр. 1995 жылы қабылданған Ата заңда бірегейлік мүлдем қамтылмаған еді. Ал жаңа Конституцияда ұлттық және тарихи бірегейлік нақты мәлімделген. Қолданыстағы Ата заңда билік бір орталықтарда шоғырланса, жаңа Конституцияда тең баланс орнатылған» деп сөзін түйіндеді Мемлекеттік кеңесші.

YKIMET

ТАБИҒАТҚА ДЕГЕН ЖАНАШЫРЛЫҚ

Премьер-министр Олжас Бектенов Президенттің «Таза Қазақстан» бастамасын жүзеге асыру барысына мониторинг жүргізу орталығының отырысын өткізді.

Онда қоршаған ортаны қорғау және халықтың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда цифрлық технологиялар қолдану мәселелері қаралды. Премьер-министр жоғары экологиялық мәдениет қалыптастыру мен табиғатқа жанашырлықпен қарау жаңа Конституция жобасының түбегейлі принциптері қатарына енгізілуінің маңыздылығын атап өтті. «Отаншылдықты жасампаз іспен көрсету, жоғары экологиялық мәдениетті қалыптастыру жаңа Конституция жобасының түбегейлі принциптері қатарына енгізілгенін ерекше атап өткім келеді. Бұл табиғатқа, туған елге деген жанашырлықты күшейтуге, әрбір азаматтың бойында тазалық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді» деп атап өтті Олжас Бектенов. Экология және табиғи ресурстар министрлігінің деректеріне сәйкес, Президенттің «Таза Қазақстан» бастамасы аясында барлық кезеңде 1 294 іс-шара өткізіліп, 844 мың тонна қалдық жиналған, 1 млн гектар жер тазартылып, 2,9 млн ағаш отырғызылған. Аталған іс-шараларға 6,9 млн адам қатысты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған Цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясында қоршаған ортаны қорғауда цифрлық технологияларды қолдануға ерекше назар аударылды. Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев «Қоршаған орта және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» жобасы жүзеге асырылғанын баяндады. Онлайн-платформа эмиссияларға мониторинг жүргізу, өндірістік экологиялық бақылау, ластаушы заттардың шығарындылары мен тасымалдары тіркелімі, қалдықтардың мемлекеттік кадастры, көміртегі кадастры т.б. сияқты бірқатар басқа жүйелер көрсеткішін жинақтайды. Қалдықтарды басқару саласында EcoQolday цифрлық платформасы жұмыс істейді. Сондай-ақ бүгінде орман өртін ерте анықтау жүйесі енгізілуде, су тасқыны жағдайын болжау үшін «Қазгидромет» деректерімен интеграцияланған Tasqyn жүйесі қолданылуда. Қазақстанның ерекше қорғалатын табиғи аумақтарындағы бақылау-өткізу пункттерін автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

№14 (4912) 05/02/2026 Бейсенбі

2,5 ТРЛН ТЕҢГЕДЕН АСТАМ ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТЫЛДЫ

Қаланың дамуына жеке қаражат тарту жалғасады. Бұл тек әлеуметтік нысандарға ғана емес, сол сияқты өңдеу өнеркәсібі, логистика, көлік және т.б. салаларға қатысты. Елорда экономикасына 2025 жылы рекордты көлемде инвестициялар тартылды, шамамен 2,5 трлн теңге, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 21,3%-ға көп. Бұл туралы елорда әкімі Жеңіс Қасымбек мәлім етті.



– Кезекті инвестштабтың отырысында бірқатар инвестордың ұсыныстары қаралды. Олар – 500 МВт қуатты бу-газ қондырғыларын салу және пайдалану, логистикалық парк салу, 1000 балаға арналған күндізгі және пансионатты үлгідегі жеке мектеп салу және т.б.

Сонымен қатар, штабтың қарауына №2 Индустриялық паркке енгізілетін жобалар да ұсынылды. Оларға мотор майын өндіретін зауытты, ұнтақ және индустриалды жабындарды шығаратын зауытты, ғылыми-зерттеу орталығын құруды, алюминий бұйымдарын өндіретін зауытты салу жатады.

Биыл іске қосылатын инвестициялық жобалардың саны шамамен 60-қа жетеді, ал инвестиция көлемі – 220 млрд теңге. Бұл жобалар 2 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді.

Өңірлік инвестициялық штаб отырыстарын тұрақты түрде өткіземіз, инвесторларға жан-жақты қолдау көрсетеміз, – деп жазды Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Instagram парақшасында.

БАС ҚАЛАНЫҢ БАС ЖОСПАРЫ БЕКИДІ

Елорданың 2035 жылға дейінгі Бас жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесі бойынша қоғамдық тыңдаулар өтті. Іс-шараға қала тұрғындары, сала мамандары, сарапшылар және мемлекеттік органдардың өкілдері белсенді қатысты.



Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ

Қоғамдық тыңдауды Астана қаласы әкімі аппараты басшысының орынбасары, қоғамдық тыңдаулар төрағасы Жомарт Айтқазы ашты. Оның айтуынша, бұл жұмыс ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің тапсырмасына сәйкес жүргізілген.

– Астана қаласының қолданыстағы бас жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жобасы толық аяқталды. Құжат 21 орталық мемлекеттік органда және 37 жергілікті атқарушы органда келісуден өтті. Сонымен қатар, ҚР Экологиялық кодексіне сәйкес стратегиялық экологиялық бағалаудың барлық үш кезеңінен өтті, – деді ол.

Қоғамдық тыңдау барысында «Астана бас жоспары» ҒЗЖИ» ЖШС бас директорының орынбасары Азамат Хамитов бас жоспарды түзетудің себептеріне тоқталып, негізгі параметрлер өзгеріссіз қалатынын атап өтті.

– Қолданыстағы бас жоспар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы №33 қаулысымен бекітілген. Ұсынылып отырған түзетулер қаланың даму логикасын бұзбайды. Керісінше, халық санының өсуі мен әлеуметтік инфрақұрылымға деген сұранысты нақтылауға бағытталған, – деді.

Оның мәліметінше, 2035 жылға қарай Астана халқының болжамды саны 2,275 млн адамға, ал қаланың жалпы аумағы 79 733 гектарға жетеді. Осыған байланысты қала құрылысы шешімдері инвестициялық қызметті ескере отырып қайта қаралған. Туризм, логистика, медицина, білім беру, спорт, қонақ үй бизнесі мен бизнес-орталықтар бағыттары бойынша



130-дан астам инвестициялық жоба ұсынылған.

Әлеуметтік инфрақұрылымға да ерекше көңіл бөлінген. Бас жоспар жобасына сәйкес, 2035 жылға қарай елордада 378 балабақша қарастырылады, оның 203-і жеке балабақша болмақ. Енгізілген түзетулер нәтижесінде жобаланатын мектепке дейінгі мекемелер саны 53 объектіге артқан.

Денсаулық сақтау саласында 184 медициналық нысан салу жоспарланып отыр. Оның ішінде 94 амбулаториялық-емханалық объект, 27 стационар, шипажайлар мен Дәрілік өсімдіктерді сараптау орталығы бар. Сонымен қатар, 105 спорт нысаны, оның ішінде 69 дене шынықтыру-сауықтыру орталығы, сондай-ақ 17 оқушылар сарайы салынбақ.

Инженерлік инфрақұрылым мәселесіне «Астана қаласының Урбанистика орталығы» ЖШС директорының орынбасары Данияр Чиндалиев: «Бас жоспар жобасында 2030 және 2035 жылдарға арналған сумен жабдықтау, электр, газ және жылумен қамту желілеріне нормативтік қажеттілік толық есептелді. Инженерлік инфрақұрылымды дамыту – қаланың тұрақты дамуының негізгі шарты, – деді.

Сонымен қатар, жобада сарқынды сулардың болжамды көлемі ескеріліп, су бұру және нөсер кәрізі жүйелерін дамыту, тазарту құрылыстары мен коллекторлық желілерді кезең-кезеңімен жаңарту бойынша нақты іс-шаралар белгіленген.

Бас жоспарға енгізілетін өзгерістер стратегиялық экологиялық бағалау аясында да қарастырылды. СЭБ жөніндегі негізгі баяндаманы әзірлеуші «Жасыл көпір» ЖШС директоры Виталий Кузин қала дамуының экологияға әсері жан-жақты талданғанын айтты.

– Стратегиялық экологиялық бағалау барысында ауаның сапасы, су ресурстары, жасыл аймақтар және қала экожүйесіне түсетін жүктеме кешенді түрде қаралды. Ұсыныстар экологиялық тәуекелдерді азайтуға бағытталған, – деді ол.

Айта кетейік, бас жоспар жобасы бойынша 2026 жылғы қаңтар-ақпан айларында жобалық материалдар мен СЭБ құжаттарының көрмесі ұйымдастырылып, үкіметтік емес ұйымдармен және мемлекеттік органдармен консультациялар өткізілген. Жалпы қоғамдық талқылауларға 1000-нан астам адам қатысқан.

Қала тұрғындары қоғамдық кеңістіктерді дамыту, көгалдандыру, жол құрылысы мен инженерлік желілердің қолжетімділігіне қатысты ұсыныстарын білдірді. Барлық ескертулер хаттамаға енгізіліп, құжатты одан әрі жетілдіру жұмыстары жалғасады.

Елордада Астана аумақтық сайлау комиссиясы округтік сайлау комиссияларымен бірлесіп, Дүниежүзілік сайлау күніне арналған ауқымды онкүндік өткізді.

САЙЛАУ КҮНІН АТАП ӨТТІ



Барлық іс-шаралар «Сайлау принциптері – сайлаушылар сенімінің негізі» деген бірыңғай ұранмен өтті. Декада аясында қалада 33 шара ұйымдастырылып, оған 3000-нан астам қатысушы қатысты. Негізгі мақсаты – құқықтық мәдениетті қалыптастыру, сайлау жүйесіне сенімді арттыру және азаматтық белсенділікті дамыту, әсіресе жастар арасында.

Шаралар бағдарламасы демократиялы сайлаудың бес негізгі принципі – заңның үстемдігі, сайлау органдарының тәуелсіздігі, ашықтық және инклюзивтілік негізінде құрылды.

Бұл құндылықтар, ұйымдастырушылардың ойынша, сайлау процесінің заңдылығы мен қоғам сеніміне негіз болатын фундамент.

Декада барысында ерекше назар жастармен жұмыс істеуге аударылды. Іс-шаралар әр ауданның мектеп оқушылары арасында өткізілді. 5-7 сынып оқушыларына Нұра және Сарайшық аудандарында сайлаудың маңызы мен азаматтық жауапкершілік тақырыбында диктанттар ұйымдастырылды.

8-9 сынып оқушылары үшін Есіл ауданында кәсібилік пен сайлау жүйесінің ашықтығы туралы кездесулер өтті. Ал 10-11 сынып оқушылары дебаттар мен интеллектуалдық ойындарға қатысты. Мәселен, Алматы және Сарыарқа аудандарында ашықтықтың сайлау процесіндегі ролі талқыланса, Байқоңыр ауданында «Не? Қайда? Қашан?» интеллектуалды ойыны өткізілді.

Жастар комитеті – Клуб жас сайлаушылар шараларды ұйымдастыру мен өткізуге белсене қатысып, 15 мүшесі модератор, спикер және қатысушы ретінде жұмыс істеді. Жалпы декада бағдарламасына 37 шара кіріп, олар 5 ақпанда аяқталады.

Астанадағы Территориялық сайлау комиссиясы өкілдері атап өткендей, басты мақсат – жастар арасында сайлауды жауапкершілік пен маңызды құрал деп білуін қалыптастыру, елдің болашағын анықтауда белсенді қатысуға ынталандыру.

Өткізілген шаралар азаматтардың құқықтық сауатын арттыруға және Қазақстан Республикасының қазіргі сайлау жүйесінің негізгі құндылықтарына түсінікті жақындастыруға көмектесті.

АДАЛДЫҚҚА ҮЙРЕТЕТІН ҚОЙЫЛЫМ

Қалалық №58 «Өркен» балабақшасында «Заң мен тәртіп» бағыты аясында мектепке дейінгі балаларға арналған «Адалдық дүкені» атты театрландырылған қойылым өтті.

Шапағат ӘБДІР

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Іс-шараға 3-4-5 жас топтарының тәрбиеленушілері белсенді қатысты. Балалар үшін таныс әрі қызықты орта «Өркен» супермаркеті сахналық көрініс ретінде безендіріліп, шағын дүкен үлгісінде қойылды. Сөрелер, ойыншық тауарлар, ойын ақшалар балалардың қызығушылығын бірден арттырды.

Қойылым барысында балалар сатушы, сатып алушы, күзетші және кейіпкер-балалар рөлдерін сомдап, дүкенде өзін дұрыс ұстау, кезек сақтау, ақшаны дұрыс беру, алған затына жауапкершілікпен қарау сияқты қарапайым, бірақ тәрбиелік мәні зор әрекеттерді көрсетті.

«Бүгінгі «Адалдық дүкені» қойылымы – балалардың бойына адамгершілік құндылықтарды ерте жастан сіңіруге бағытталған маңызды тәрбиелік жұмыс. Адалдық, шыншылдық, жауапкершілік сияқты қасиеттер бала өмірінің алғашқы кезеңінен қалыптасуы тиіс. Осындай ойын және театрландырылған іс-шаралар арқылы біз балаларға дұрыс мінез-құлықты жеңіл әрі қызықты түрде үйрете аламыз. Бұл – болашақ саналы ұрпақ тәрбиелеудегі маңызды қадам» дейді №58 «Өркен» балабақшасының меңгерушісі Гүлнұр Мырзағұлова.

Ал қойылым соңында тәрбиешілер балалармен бірге көріністі талқылап, адал болудың, шындықты айтудың және өз әрекетіне жауапкершілікпен қараудың маңызын қарапайым тілмен түсіндірді. Балалар өз ойларымен бөлісіп, «жақсы» және «жаман» әрекеттерді ажыратуға тырысты.



№14 (4912) 05/02/2026 Бейсенбі



Мәулен ӘШІМБАЕВ,
Сенат төрағасы:

БІРЛІКТІҢ ОЗЫҚ ҮЛГІСІН КӨРСЕТЕЙІК

– Жуырда еліміздің жаңа Конституциясының жобасы жарияланды. Бұл – ел дамуының жаңа кезеңіне қадам басқанымызды айшықтайтын тарихи құжат.

Жалпы, конституциялық реформа – Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың еліміздің саяси жүйесін жаңғырту бастамасынан туындаған қадам. Соның аясында ауқымды жұмыс атқарылды. Нәтижесінде Ата заңымыздың преамбуласынан бастап, негізгі бөлімдеріне дейін тұжырымдамалық өзгерістер енгізіліп отыр. Бұл мемлекеттілігімізді заман талаптарына бейімдеудің жарқын көрінісі екені анық.

Шын мәнінде, Конституция – елдің ұзақ мерзімді дамуының берік негізі. Қоғам мен мемлекеттің стратегиялық бағыты, ең алдымен, Ата заңда айқындалады. Сондықтан жаңа жобада Қазақстанның алдағы ондаған жылдарға арналған саяси, әлеуметтік және экономикалық даму бағдарын нақтылайтын, сондай-ақ тұрақты әрі орнықты өсудің құқықтық іргетасын қалайтын басымдықтарға ерекше көңіл бөлінген. Мұның бәрі кездейсоқ өзгерістер емес, уақыт талабынан туған жүйелі жаңғыру екені сөзсіз.

Сонымен қатар бұл жаңғыруды Әділетті Қазақстанның жаңа конституциялық моделін қалыптастыру деп айтуға толық негіз бар. Өйткені жаңа Ата заңымыздың жобасында адамның құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің ең жоғары құндылығы ретінде нақтыланып, әділдік, заң үстемдігі және тең мүмкіндік қағидаттарына баса мән берілген. Осылайша, Әділетті Қазақстан қағидаты нақты конституциялық нормалар арқылы бекітілетін басқару философиясына айналып отыр.

Жаңа өзгерістер Парламенттің өкілеттігін күшейтуді және саяси жүйенің тиімділігін арттыруды көздейді. Сол арқылы заң шығарушы биліктің рөлі артып, өкілді органның Үкімет пен атқарушы билікке ықпал ету тетіктері кеңейеді. Бұл қадам халық үніне құлақ асуды және саяси шешімдерді қабылдауда қоғамның мүддесін кеңінен ескеруді күшейте түседі.

Сондай-ақ билік тармақтары арасындағы тепе-теңдік пен өзара жауапкершілік артып, басқару жүйесі барынша ашық әрі нәтижелі болады деуге толық негіз бар. Осылайша, қабылданатын шешімдердің сапасы жақсарып, қоғамның билікке деген сенімі нығаяды.

Жалпы, жаңа Конституцияны ішкі факторлар мен сыртқы сын-қатерлерге берілген салмақты жауап деп қабылдаймыз. Себебі әлемде орын алған тұрақсыздық, геосаяси өзгерістер және ішкі әлеуметтік сұраныстар мемлекеттің құқықтық негізін жаңаша қарауды талап етіп отыр. Осы орайда ұсынылып отырған жоба еліміздің ұлттық мүддесін қорғауға және егемендігі мен тәуелсіздігін сақтауға бағытталған заманға сай құжат екені анық.

Конституциялық реформаларды жүзеге асыру – тек биліктің емес, барша халықтың ортақ жауапкершілігі. Бірлік пен ынтымақ бар жерде ғана әділетті, қуатты және бәсекеге қабілетті мемлекет қалыптасады. Сондықтан осындай тарихи кезеңде барша қазақстандықты Президентіміздің айналасына топтасып, бірліктің озық үлгісін көрсетуге шақырамын.



ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ЖОБАСЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбектің төрағалығымен Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының жобасын талқылау үшін елорда активімен кездесу өтті.

Кездесуге мәслихат депутаттары, Қоғамдық кеңес мүшелері, әкімдік басқармаларының басшылары, аудан әкімдері, сондай-ақ мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың өкілдері қатысты.

Кездесу барысында Конституциялық комиссия мүшелері – Астана қалалық мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден мен Қоғамдық кеңес төрағасы Зулфухар Ғайыпов Конституцияның жаңа редакциясында көзделген негізгі өзгерістер мен концептуалды жаңалықтарды таныстырды.

Қала әкімі қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде елде Ата заңды жаңарту бойынша кең ауқымды және жүйелі жұмыс жүргізіліп жатқанын атап өтті. Ол Конституциялық комиссия Мемлекет басшысының Жарлығымен құрылып, шамамен 130 түрлі сала өкілдерінің – мемлекеттік қызметкерлердің, сарапшылар мен азаматтық қоғам өкілдерінің басын қосатынын еске салды.

Қатысушылардың айтуынша, жаңа Конституция жобасында мемлекеттіліктің негізгі құндылықтары бекітілген: тәуелсіздік, аумақтық тұтастық, ұлттық бірегейлік, сондай-ақ адам құқықтары мен бостандықтары. Мәдениет пен білім, ғылым мен инновациялар – елдің дамуы мен адам капиталын қалыптастырудың стратегиялық басымдықтары, ал табиғатты сақтап, қорғау – мемлекет пен қоғамның ортақ жауапкершілігі ретінде қарастырылған.

Кездесудің қорытындысында алдағы кезеңде басты міндеттің бірі – қоғамға конституциялық өзгерістердің мәнін және олардың елдің әрі қарай дамуына әсерін жан-жақты түсіндіру екені айтылды.



Елнұр БЕЙСЕНБАЕВ,
Мәжіліс депутаты:

САБАҚТАСТЫҚ САҚТАЛҒАН

– Жуырда Amanat партиясының Парламент Мәжілісіндегі фракция мүшелері Конституцияның жаңа мәтінін талқыладық. Партия төрағасы Ерлан Қошанов жаңадан жазылған Ата заңымыздың маңыздылығына тоқталып, депутаттарды ойды ортаға салып ашық талқылауға шақырды. Конституциялық реформаның жаңа сипаты, мазмұнды тұжырымдары бүгіннің ғана емес ертеңіміздің де байыпты бағдары, адам құқықтарына мән берілген бағаналы елдің – басты заңы!

Жаңа конституция – білім мен ғылымды, инновацияны Ата заң деңгейінде қорғау иммунитетіне ие болып отыр. Ұлы даланың мыңжылдық тарихының сабақтастығының сақталуына зер салынған. Адам – мемлекет үшін деген ұстаным мен мемлекет – адам үшін деген ұстаным әділетті тепе-теңдігін сақтауына мән берілген. Ата заңның 84%-ы жаңарды.

Бұл – Қазақстанда ауқымды конституциялық реформа жүргізіліп жатқанының айқын дәлелі. Жиынтық жоба бойынша Конституцияның 77 бабына түзетулер енгізілді, бұл Ата заң мәтінінің 84%-ын қамтиды. Жобада преамбула, 11 бөлім, 104 бап бар. Екі жаңа бөлім қосылды, бірнеше бөлімнің атауы өзгерді.

Негізгі өзгерістер:

– жаңа бір палаталы Парламент моделі

– азаматтардың мемлекеттік басқаруға қатысуы кеңейеді.

– Конституциялық соттың құқық қорғау рөлі күшейеді.

– адам құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктері нығаяды.

Президенттік басқару формасы сақтала отырып, мемлекеттік билік жүйесі елеулі түрде жаңғырмақ. Біз Конституцияға қарап өзімізді ғана емес, әлемге Қазақстанның қандай мемлекет болғысы келетінін де көрсетеміз. Инвестор да, халықаралық әріптестер де, түйіп айтқанда, өзге жұрт, ең алдымен құқықтық тұрақтылық пен адам құқығының қорғалуына қарайды.

Ата заң – халықты қорғауға, халық – Ата заңды құрметтеуге қабілетті болуы шарт. Алдағы конституциялық референдумның маңызын еліміздің әр саналы азаматы маңызын түсінуі, белсенді қатысуы маңызды, жетілдіру процесіне барша Қазақстан азаматтары мән беруі қажет. Бүгінде жаңа Конституция жобасы тек комиссияда ғана емес, қоғамда да қызу талқыланып жатыр. Бұл – жақсы үрдіс. Өйткені ол – «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасының нақты іске аса бастағанының айқын дәлелі.

Тағы бір атап өтерлік құбылыс – жаңа Конституция жобасына енгізілген түбегейлі бірқатар өзгерістердің жұртшылық тарапынан ерекше қызығушылық туғызуы.



Ғабит ТӘЖІМҰРАТОВ,
Астана қаласы мәслихатының депутаты:

ЕЛ ДАМУЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ КЕЗЕҢІ

– Жаңа Конституция мемлекеттің азаматтар алдындағы жауапкершілігін күшейтеді. Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының жобасын талқылау – ел дамуының маңызды кезеңі. Бұл – тек заңнамалық өзгерістер туралы емес, қоғам алдындағы мемлекеттің құндылықтары мен жауапкершілігін таңдауға қатысты мәселе. Бүгін мен, ең алдымен, азамат әрі ата-ана ретінде ой қосып отырмын. Балаларымыз қандай елде өмір сүретіні мен үшін өте маңызды.


Құжаттың негізгі қағидаттарының бірі – адамды мемлекеттің ең жоғары құндылығы ретінде тану екенін атап өткен жөн. Азаматтардың өмірі, құқықтары мен бостандықтары мемлекеттік саясаттың өзегіне қойылады. Бұл шешімдер халықтың мүддесі үшін қабылдануы тиіс дегенді білдіреді.

Сондай-ақ мемлекеттің әлеуметтік жауапкершілігінің күшейтілуіне назар аудару қажет. Жоба аясында отбасыны, ана мен баланы қорғау, білім беру мен денсаулық сақтауды дамыту, өмірдің қиын жағдайына тап болған азаматтарды қолдау жөніндегі нормалар бекітілген.

Жобадағы маңызды бағыттардың бірі – биліктің әділеттілігі мен есептілігін арттыру. Мемлекеттік органдар қоғамға ашық болуы, заң аясында әрекет етіп, азаматтардың пікірін ескеруі тиіс.

Сонымен қатар Конституция жобасында орнықты экономикалық дамудың және мемлекеттік институттарды нығайтудың негіздері қаланған. Өкілді органдардың, соның ішінде мәслихаттардың рөлі кеңейтіліп, бұл өңірлерге жергілікті мәселелерді шешу үшін көбірек мүмкіндіктер береді.

Қорытындылай келе, Негізгі заңды жаңарту елдің болашағын айқындайтынын атап өткім келеді. Жаңа Конституция – болашақ Қазақстанның берік іргетасы әрі келер ұрпақ алдындағы жауапкершілік.



Гүлжамал ЖАПАРОВА,
Астана қаласы мәслихатының депутаты:

ХАЛЫҚ МҮДДЕСІ БӘРІНЕН БИІК

– Мемлекет басшысы бастамашы болған ауқымды конституциялық реформалар Қазақстан дамуының жаңа кезеңін ашып, саяси жүйені жаңартуға деген қоғамдық сұранысқа жауап береді.

Қолданыстағы Конституцияның 84 пайыздан астам бабы жаңартылғалы отырғандықтан, бұл жерде Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу емес, Қазақстан Республикасының Конституциясын жаңа редакцияда қабылдау туралы сөз болып отыр. Негізгі заң жобасында мемлекеттік билік құрылымы мен елдің басқару жүйесін өзгерту, парламентаризмнің жаңа нысанын қалыптастыру жөніндегі түбегейлі мәселелер көтерілген. Қазіргі таңда бірпалаталы парламент құру идеясы елдің мемлекеттік құрылымына толық сай келеді, өйткені қоғамда өңірлер мен орталық арасында, сондай-ақ әртүрлі ұлттық және конфессиялық топтар арасында түбегейлі қайшылықтар жоқ. Сондықтан мен парламенттік құрылымның мұндай нысанын ел үшін ең дұрыс әрі бірден-бір тиімді деп есептеймін. Осыған байланысты мен Парламенттің атауын Қазақстан Республикасының Құрылтайы деп өзгерту орынды деп санаймын, өйткені бұл жағдайда елдің ең жоғары өкілді органының тарихи мәні мен табиғаты сақталады. Құрылтай қазақстандық қоғамның барлық әлеуметтік топтарының, елдегі барлық саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдері бас қосатын алаңға айналады.

Осы негізде билікті тікелей халық қана референдумдар мен сайлаулар арқылы, сондай-ақ өз өкілеттіктерін делегаттайтын мемлекеттік органдар арқылы жүзеге асырады деген тұжырыммен келісу қажет. Осыған орай Халық Кеңесі заң жобаларын ұсынуға құқылы болады деп есептеймін. Мемлекеттік билік жүйесіндегі бұл орган қазақстандық халықтың мүдделерін білдіріп, заң жобаларын енгізуге және жалпыұлттық референдум өткізу жөнінде ұсыныс жасауға өкілетті болады.

Конституция жобасының басты идеяларының бірі – президенттік басқару нысанындағы унитарлы мемлекет ретінде Қазақстан Республикасының егемендігі мен аумақтық тұтастығы туралы тұжырыммен келіспеу мүмкін емес. Бұл қағида елдің Мәңгілік ел ұлттық идеясының құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Біздің ойымызша, дәл осы идея Конституцияның ішкі мазмұнын, оның мызғымастығы мен тарихи тұрғыдағы өзгермейтін сипатын тереңінен айқындауы тиіс.

Сондай-ақ адам капиталын, білім беруді, ғылым мен инновацияларды дамыту мемлекет қызметінің стратегиялық бағыты ретінде тану жөніндегі жаңа конституциялық ережемен толық келісемін. Өйткені біздің болашағымыз кімдерді және қалай тәрбиелейтінімізге, нені үйрететінімізге тікелей байланысты.

Осы айтылғандарды ескере отырып, Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының жобасы мемлекеттік билік пен елдің құрылым нысанын, басқару жүйесінің құрылымын ғана емес, ең бастысы, қазақстандық қоғамның тұтастай және әрбір азаматтың сана-сезімі мен ойлау жүйесін түбегейлі өзгертеді деп есептеймін.

КОНСТИТУЦИЯНЫҢ ЖАҢА ЖОБАСЫ: ҚАЛАМГЕРЛЕР НЕ ДЕЙДІ?



Ұлттық академиялық кітапханада Конституцияның жаңа жобасын талқылауға арналған «Қалам мен қоғам» атты дөңгелек үстел отырысы өтті. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Мереке Құлкенов төрағалық еткен жиында елорданың қаламгерлер қауымы елдің басты құжатының жаңа жобасы туралы көзқарастарын білдіріп, ұсыныстарын жеткізді. Сонда айтылғанды назарларыңызға ұсынамыз.

Мереке ҚҰЛКЕНОВ, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы:

БОЛАШАҒЫМЫЗДЫҢ КЕПІЛІ

– Преамбуласының өзінен бастап Конституция басқаша жазылды. Әрине, кейбір баптарға байланысты сұрақтар қойылып жатыр. Бірақ оның бәрі қазіргі жағдайда өзінің уақыты келгенде жоқ болып кететін нәрсе деп ойлаймын. Әсіресе, тілге байланысты мәселе. Біздің қазақ тілі еңсесін көтеріп, өз қазағымыз өзінің тілінде сөйлей бастаған кезде үлкен сұрақ кетеді. Өзімнің түсінігім солай. Ал жалпы бұл Конституция біздің болашағымыз, болашағымыздың кепілі, кейінгі ұрпаққа пайдасы тиетін құжат деп есептеймін. 1995 жылғы Конституцияға қарағанда ішінде көптеген жақсы өзгеріс бар. Әсіресе, ерлер мен әйелдер арасындағы одақтың мәселесі. Бұл бұрын болған жоқ. Қос палаталы Парламентті бір палата ету, оның атын Құрылтай деп қою, Халық кеңесі атты жұртқа ақыл айтып, жұртпен ақылдасып отыратын тағы бір кеңес құрылады. Осының бәрі үлкен өзгерістер деп ойлаймын. Вице-президент институты кіреді. Яғни біздің үш тармақты басқару органдарымыз әрқайсысы өзінің саласымен жұмыс істей бастайды. Сотқа байланысты көптеген жақсы нәрсе қаралып жатыр. Әсіресе, біздің ғылым мен мәдениеттің адамдарына арналған баптар өте жақсы деп есептеймін. Өйткені оның ішінде мәдениет қайраткерлерін, ғалымдарды қолдаумен бірге, олардың жауапкершілігі артып отыр. Соның бәрі, менің-ше, жақсы. Құжаттың нүктесі әлі қойылған жоқ. Бұрынғы Конституцияның 80 пайыздан астамы өзгертіліп, қайта жазылды. Баптардың біразы ықшамдалып, толықтырылып, басқаша жазылғаны анық. Конституцияның жаңа жобасы біздің қазақ деген халықтың өзінің ел екенін көрсететін құжат болғалы тұр. Өйткені оның преамбуласында «Біз ежелден келе жатқан мыңдаған жылдар тарихы бар халықпыз» деген сөз бұрын айтылмаған еді.

Сауытбек АБДРАХМАНОВ, мемлекет және қоғам қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты:

НЕГІЗГІ ЗАҢНЫҢ ӨЗГЕРУІ – ТАБИҒИ НӘРСЕ

– Қазақта айтылмаған сөз жоқ қой, соның біреуі – «Заман басқа, заң басқа» деген сөз. Заман мен қоғам, адам өзгергенде соған сәйкес заң да өзгереді. Соның ішінде негізгі заңның өзгеруі де табиғи нәрсе. 1993 жылғы Конституция да өзінің белгілі бір уақыт аралығына қатысты міндетін атқарды. 1995 жылғы Конституция біздің елімізді Президенттік билік институтын ұстанатын мемлекет ретінде орнықтырды. Ол Конституция 30 жыл өзінің міндетін атқарып шықты. Сол заманда сондай Конституция керек болды. Мысалы, сонда «тектік-топтық астамшылық» (сословное превосходство) деген сөз бар. Қазіргі жобада ол жоқ. Ал 1995 жылы біздің жекелеген қалаларымызда әскери киімдерін киіп, ұзын қылышын саландатып жүрген адамдардың шерулері жаңа ғана басталған болатын. Сол кезде оны негізгі заңға шегелеп, ондайға тыйым салынады дегенді жазу қажет болды. Бүгінгі таңда ондай қажеттілік жоқ. Жаңа жобада әр сөзге мән берілген. Мысалы, егемендік пен тәуелсіздік. Біз бұған дейін егемендікті тәуелсіздіктің баспалдағы ретінде қарастырып келдік. Ең биік шыңы – тәуелсіздік. Сонымен бірге тәуелсіздік – егемендіктің жемісі. 1990 жылы егемендік қабылданбаса, 1991 жылы тәуелсіздік жарияланбас еді. Екінші жағынан, тәуелсіздік – мемлекеттің қалыпты жағдайы. Тәуелсіздік туралы көп айтып, жазғанымыз, осы жылдар ішінде халықтың ойына, санасына «біз тәуелсізбіз, біз тәуелсіз мемлекет құрдық, тәуелсіздік жағдайында өмір сүріп жатырмыз» деген қарапайым постулаттарды сіңіру керек болды. Ол идеология да өзінің уақытында өзін-өзі ақтады. Енді жаңа идеологияның уақыты келді.

Шәрбану БЕЙСЕНОВА, жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты:

ҚОҒАМДЫ ӘРІ ҚАРАЙ ӨРКЕНДЕТЕДІ

– Біздің қоғам дамып жатыр. Қоғам алға жылжыған сайын түрлі мәселе туындайды. Ал оларды шешу үшін жаңа заңдарды тудыруға қажеттілік туады. Сондықтан Президентіміздің Конституцияны өзгерту, қоғамды басқарудың жаңа жүйесін енгізу керек дегені өте орынды әрі уақытында қозғалған деп ойлаймын. Бұл жерде заңгерлер, саясаткерлер осы уақытта қандай заң керек дегенді жазған екен. Соған тілектеспін. Жаңа заңымыз біздің қоғамды әрі қарай өркендетіп, өркениетті, халықаралық қауымдастықта өзінің орнын табуына септігін тигізеді деп сенемін.

Роза МҰҚАНОВА, жазушы, драматург, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты:

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫ ҚОРҒАЙДЫ

– Конституцияның жаңа жобасын қарап шықтым. Қарап отырсақ, қазір қоғамда белсенділік өте күшті. Бұрын мемлекеттік қызметкерлерге ғана Конституцияны оқу міндеттелетін, қазір қарапайым халықтың өзінен белсенділікті көруге болады. Бұл – ұлттың оянғаны, ұлттың мемлекет алдындағы үлкен жауапкершілігі. Жаңа жобада маған қатты әсер еткені – шығармашылық еркіндік және зияткерлік меншік, цензура, мемлекет және дін. Себебі шығармашылық тұлғаға еркін шығармашылық керегі айқын. Ал зияткерлікке келсек, біз зияткерлік меншік бойынша осы уақытқа дейін көп қиындық көріп келдік деуге болады. Өйткені зияткерлік меншікке қатысты нақты мемлекеттік органдардың заңға сүйенетін, бізді, авторларды, қорғайтын, мүддемізді, құқымызды қорғайтын заң тетіктері болмады. Соның жоғынан авторлар қиындық көрді. Соның ішінде ақын-жазушылар, композиторлар, суретшілер, тіпті өнертапқыштар бар. Қазір жаңа технологиялар, жаңа инновациялар еніп жатыр. Соның авторларын қорғау керек. Ата заңымызға сүйеніп, біз шетелге шыққан дүниелерімізге қаламақы талап ете аламыз. Жаңа жоба халықаралық құқық қорғау деңгейінде құқымызды қорғай алады, соған жол ашылды деп ойлаймын. Себебі бұған қатысты қиындық көрген адамның бірі – Әкім ағаларың. Оның Англиядан шыққан кітабы «Амазонда» бір миллион тиражбен тарады. Бірақ халықаралық деңгейде келісімшарт жасалмағандықтан, зияткерлік меншік қорғалмағандықтан қаламақысыз қалды. Бұл кез келген автордың, кез келген жазушының алдында тұрған үлкен күрделі мәселе болатын. Жаңа жобадағы осындай тұстар өзіме ұнады. Әділет министрлігі тарапынан оның тармақтары толықтырыла түседі деп ойлаймын.

Жолтай ӘЛМАШҰЛЫ, жазушы, драматург:

ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ

– Жалпы қазіргі қоғамда талқыға түсіп жатқан Конституциямызға өзгерістер енгізіліп тұруы – заңды құбылыс. Ата заңымыз – ұлтымыздың төлқұжаты елдегі тәртіптің, құқықтық жүйенің негізгі құжаты. Сондықтан уақыт талабына, саяси жағдайларға байланысты өзгерістер енгізу Қазақстанда ғана емес, әлемдік тәжірибеде де бар. Біздің елімізде қос палаталы Парламент болды. Енді бір палаталы Парламент, яғни атауы Құрылтай болады деген ұсыныс айтылып жатыр. Бұл мәселе Қызылордада өткен V Құрылтайда көтерілді. Екінші мәселе – Мемлекеттік кеңесші лауазымы. Оны тоқтатып, вице-президент лауазымын енгізу туралы ұсыныс жасалды. Мен бұл екі ұсыныста да қажет деп санаймын. Дәлел ретінде айтсақ, біріншіден, бір палаталы Парламенттің болуы біз секілді халқы шамамен 20 миллионнан асып, 25 миллионға қадам басып келе жатқан ел үшін тиімді. Екіншіден, вице-президент лауазымы Мемлекеттік кеңесшіге қарағанда салмақты, жауапкершілігі де ауыр. Атқаратын қызметі де бөлек болады. Президентпен бірге бір мақсатта, бір бағытта жұмыс істейді. Үшіншіден, бізде бұрын Құрылтай болған. Оның орнына Халық кеңесі ұғымының келуі де дұрыс шешім.

Есберген АЛАУХАНОВ, заңгер, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:

ЕЛ БОЛЫП ҚОЛДАЙДЫ ДЕП СЕНЕМІН

– Қазіргі ұсынылып отырған Конституция жобасы өте орынды деп есептеймін. Жобада барлық мәселе нақты әрі айқын көрсетілген. Халық арасында түсінбеушілік тудырып отырған тіл мәселесі – бұрыннан белгілі, заң жүзінде айқындалған жағдай. Орыс тілі ресми тіл ретінде қолданылады, ал қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде заңмен бекітілген. Халықаралық жағдайлар шиеленісіп тұрған қазіргі кезеңде кейбір алыс ауылдарда тұратын азаматтар тарапынан түсінбеушілік байқалып жатыр. Менің ойымша, бұл дұрыс емес. Ең бастысы, Конституциямыздың демократиялық елдің нышаны ретіндегі бір маңызды ерекшелігі – адвокатураға, азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғауға қатысты ауқымды баптардың енгізілуі. Бұл жаңа, үшінші Конституцияның басты ерекшеліктерінің бірі деп ойлаймын. Жалпыхалықтық референдумда халық өз бағасын береді. Конституцияның жаңа жобасын ел болып қолдайды деп сенемін.

Сәдібек ТҮГЕЛ, жазушы, қоғам қайраткері:

СЕРПІЛІС ӘКЕЛЕТІН БАСТАМА

– Бұл – өте жақсы ұсыныс, оңды өзгеріс, қоғамға жаңа серпіліс пен сілкініс әкелетін маңызды бастама. Ең алдымен айтарым – қайырлы, құтты болсын! Шын мәнінде, егер түбегейлі өзгерістерге назар аударсақ, екі мың жылдық тарихы бар Қазақ елінде, Қазақ хандығы құрылғанға дейін-ақ, барлық маңызды мәселе Құрылтайда шешілген. Сондықтан Парламентті Құрылтай деп атау дұрыс шешім деп санаймын. Одан кейін Халық кеңесінің енгізілуі де өте орынды, тапқырлықпен келген жаңалық. Жалпы көптеген өзгерістен ұлттық реңкті байқауға болады. Егер осы талқыланып жатқан ұсыныстар толық қабылданса, бұл нағыз толыққанды құжат – Ата заңымыз болып өмірге келеді деп есептеймін. Тағы бір ой, егер сабыр сақтап, алға қарайтын болсақ, 10 жыл өткеннен кейін мүлде басқа картина қалыптасады. Ал сайлау мәселесіне келсек, партияларымыз мықты болса, сайлаушылардың құрметіне бөленсе деген тілек бар. Біз партияларды түзеуіміз керек, оларды күшейтуіміз қажет. Осы мәселеге ерекше көңіл бөлінсе екен деп ойлаймын.

***

Сондай-ақ жиында жазушы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қуаныш Жиенбай, ақын, жазушы Ұларбек Дәлейұлы, жазушы, аудармашы Камал Әлпейісова, жазушы Ораз Қауғабай, ақын Гүлісхан Домалайқызы, әдебиеттанушы Марат Азбанбаев Конституцияның жаңа жобасы жөнінде пікірлері мен ұсыныстарын жеткізді.

Дайындағандар
Аманғали ҚАЛЖАНОВ, Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ



Серікзат ДҮЙСЕНҒАЗЫ,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультетінің деканы,
Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі:

ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ, ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

– Конституция бүкіл халыққа ортақ негізгі құқықтық құжат болғандықтан, оны қабылдау үдерісіне қоғамның кеңінен қатысуы маңызды. Әр сала мамандары өз құзыреті аясында ұсынысын айтып, талдау жасауы орынды. Бұл құжатты жан-жақты саралау, әр қырынан бағалау – ортақ жауапкершілік.

Қазақстанда бұрын заңнамалық актілердің басым бөлігі алдымен орыс тілінде әзірленіп, кейін қазақ тіліне аударылып келді. 2000-жылдары «Көші-қон туралы» заңның түпнұсқасы қазақ тілінде дайындалғаны туралы ақпарат айтылған. Қолданыстағы Конституцияның қазақша мәтінінде бір оқығанда түсіну қиын, күрделі әрі калька аудармаға тән тіркестердің кездесуі де осы тәжірибемен байланысты. Мәселен, Конституцияның 4-бабындағы құқық қолдану туралы норма қарапайым оқырман үшін күрделі қабылданады. Мұндай мәтіндер құқықтық құжаттың негізгі қағидаты – түсінікті болу талабына толық сай келе бермейді. Жаңа Конституция жобасының қазақша мәтіні қолданыстағы нұсқамен салыстырғанда тілдік жағынан едәуір жатық екені байқалады. Ұсынылған мәтінде күрделі калька тіркестер мен сірескен терминдер азайған, мазмұны кең аудиторияға түсінікті болуға бағытталған. Бұл жоба мәтінінің аударма емес, түпнұсқа ретінде әзірленгенін аңғартады. Конституция тек заңгерлерге ғана емес, барлық азаматқа арналған құжат болғандықтан, оның тілі барынша анық әрі қолжетімді болуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, алдағы уақытта заңнамалық актілердің түпнұсқасын мемлекеттік тілде әзірлеу мәселесі өзекті болып қала береді. Мемлекеттік тілдің құқықтық кеңістікте толыққанды қолданылуы – оның дамуының маңызды алғышартының бірі. Жаңа жобадағы тілге қатысты баптар да қоғам назарынан тыс қалмай отыр. Бұл мәселе көпқырлы әрі сақтықты қажет ететін сала болғандықтан, оны шешу барысында қоғамдық келісім мен құқықтық тепе-теңдікті сақтау маңызды. Тиісті шешімдер уәкілетті органдар мен жауапты тұлғалардың жан-жақты талқылауы нәтижесінде қабылданады деп сенеміз.

№14 (4912) 05/02/2026 Бейсенбі



Бауыржан СМАЙЫЛОВ,
Астана қаласы мәслихатының депутаты:

КЕҢ АУҚЫМДЫ ҚОҒАМДЫҚ ТАЛҚЫЛАУДЫҢ БАСТАМАСЫ

– Жақында қоғам назарына Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының жобасы ұсынылды. Ондағы өзгерістер бірден бірнеше маңызды саланы қамтиды. Атап айтқанда, сайлау жүйесі, Парламент пен мәслихаттардың жұмысы, сондай-ақ шағын және орта бизнесті қолдау, өзге де экономикалық негіздер.

Конституция жобасында екі палаталы жүйеден бір палаталы жүйеге көшу ұсынылады. Бұл шешім қабылдау деңгейін 2-ден 1-ге дейін қысқарту дегенді білдіреді. Менің ойымша, бұл заң жобаларын қарау үдерісін жеделдетуге мүмкіндік беріп, бірнеше айға созылатын талқылаулардың орнына шешім анағұрлым қысқа мерзімде қабылданады. Бір палаталы Парламент – бұл, ең алдымен, бірыңғай жауапкершілік. Сайлаушылар қандай заңды кім қабылдағанын және нәтижесі кімнен сұралатынын нақты білетін болады.

Елде 200-ден астам мәслихат жұмыс істейді және дәл осы органдар халықтың нақты сұранысымен айналысады: ол аула жөндеуден басталып, қалалық қоғамдық көлікті дамытуға дейін жалғасады. Менің-ше, мәслихаттың рөлін күшейту және қалыптастыру қағидаттарын жаңарту – шешімді республикалық деңгейде ғана емес, халыққа барынша жақын жағдайда қабылдауға жасалған маңызды қадам. Сонымен қатар ұсынылып отырған барлық өзгеріс азаматтардың сайлауға қатысуын ресми рәсімнен нақты ықпал ету тетігіне айналдыруға бағытталған. Бүгінде сайлауға миллиондаған сайлаушы қатысады, ал ережелердің ашықтығы билікке деген жалпы сенімге тікелей әсер етеді.

Шағын және орта бизнес саласында қазіргі таңда миллиондаған қазақстандық еңбек етеді, ал оның экономикаға қосып отырған үлесі 30 пайыздан асады. Қазіргі уақытта Астанада шамамен 254000 шағын және орта бизнес субъектісі жұмыс істейді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 8,3 пайызға көп. Олар елорданың экономикалық белсенділігінің елеулі бөлігін қамтамасыз етіп отыр. Менің ойымша, кәсіпкерлікті қолдау қағидаттарын Конституцияда бекіту тұрақты жұмыс орындарын құруға, салық түсімдерін арттыруға және қала мен ауыл экономикасын дамытуға берік негіз болады.

Конституцияның ұсынылған жобасы соңғы нүкте емес, кең ауқымды қоғамдық талқылаудың бастамасы екенін атап өткен жөн. Қазір, әсіресе, жергілікті жердегі халық ұсынылып отырған өзгерістердің мәнін және олардың алдағы жылдары өмірін қалай әсер ететінін түсінуі аса маңызды. Сондықтан барша-ңызды бейжай қалмай, осы талқылауға белсенді қатысуға шақырамын.



САПАЛЫ БІЛІМ НЕГІЗІ

Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыұлының төрағалығымен Конституцияның жаңа жобасы талқыланды. Жиынға бөлім басшылары мен білім беру ұйымдарының жетекшілері қатысты.

Басқарма басшысы Конституция жобасындағы негізгі өзгерістерге тоқталып, олардың білім беру жүйесіне тікелей әсерін атап өтті. Атап айтқанда, әрбір азаматтың сапалы білім алуға конституциялық құқығын нығайту, білім беру ұйымдарының академиялық еркіндігін кеңейту, педагог мәртебесін арттыру және балалардың қауіпсіз әрі қолайлы білім ортасында оқуын қамтамасыз ету мәселелері кеңінен сөз болды. Сондай-ақ жиында білім беру саласындағы заңнамаларды Конституциядағы жаңа нормаларға сәйкестендіру, инклюзивті білім беруді дамыту, цифрлық технологияларды енгізу және ауыл мен қала мектептері арасындағы білім сапасының алшақтығын азайту бағытындағы жұмыстар талқыланды.

САЯСИ ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ





Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Василий Левит басқармаға қарасты мекеме басшыларымен және қызметкерлерімен арнайы жиын өткізді. Кездесу барысында Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясына енгізілетін өзгерістер мен реформалар жан-жақты түсіндірілді.

Басқарма басшысы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған конституциялық реформаның елдің саяси жаңғыруындағы маңызды кезең екенін атап өтті. Ол жаңа Конституция жобасының қоғам сұранысын ескере отырып әзірленгенін, алдағы жалпыұлттық референдум әрбір азаматқа саналы түрде шешім қабылдауға мүмкіндік беретінін айтты.

Василий Левит өз сөзінде: «Жаңа Конституция – тек құқықтық құжат емес, болашақ ұрпаққа қалатын саяси әрі рухани мұра. Әр азамат бұл бастамаға бейжай қарамай, саналы таңдау жасауға тиіс» деп атап өтті.

Кездесу соңында басқарма басшысы жаңа Конституция жобасымен және оның негізгі ережелерімен толық танысудың маңызын баса айтты. Мекеме басшыларына өздері басқаратын мекемелерде түсіндірме жұмыстарын жүргізу және спорт саласының мамандарын ақпараттандыру қажеттігі ескертілді.

Жақсыбек ҚҰЛЕКЕЕВ,
мемлекет және қоғам қайраткері, Конституциялық реформа жөніндегі комиссия мүшесі:

ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ ТҮП ТӨРКІНІ – «БІРІГЕЙІК» ДЕГЕН ҰҒЫМ



– Конституцияның ескі, өзгермеген мәтінінде ғылым, инновация деген сөз жоқ еді. Онда тек денсаулық сақтау, білім, мәдениет деген сөздер бар. Менің ойымша, ғылым мен инновация түгелдей дерлік Конституцияның нормасына енгізілуі керек. Қазіргі қоғамда ғылым негізгі өндіріс күшіне айналып отыр. Сондықтан біз заманның ағымын, талабын ескеріп, «ғылым» мен «инновация» деген сөздерді Конституцияға енгізуіміз керек деп ұсыныс айттым. Ол ұсынысты кеңес мүшелері қабылдады. Бұл туралы біраз пікірталас болды. Конституцияның бұрынғы үлгісінде «білім беру» деген сөзді орыс тіліндегі «образование» сөзінен аударған. Осы тұста менің пікірім – «образование» деп келетін сөздерді «білім», «ғылым», «инновация» деп өзгерту. Қазіргі мәтінде осы ережемен жазылып отыр.

Конституциямыз 1995 жылдан бері 5 рет өзгерді. Соңғы ауқымды өзгеріс 2019 жылы Мемлекет басшысының ықпалымен жүзеге асқан. Ол уақытта 30 шақты бап қайта қаралған. Ал қазіргі Конституциялық өзгеріске қос палаталы Парламенттің бір палатаға өтуі себеп болды. Нәтижесінде Конституция толық қайта қаралып, мәтіні 84 пайызға өзгерді.

Қос палаталы Парламенттен бір палаталы Парламентке көшкенде, биліктің тармақтары арасындағы өкілетті бөлуге тура келеді. Бұрын Сенаттың құзырында көптеген билік болды. Заң өзгерген жағдайда, олардың құзыры кімге ауысады деген орынды сұрақ туындайды. Ескі Конституциямыз бойынша Президент уақытша қызметін атқара алмай қалған жағдайда, Сенат төрағасы жұмысты жалғастыру керек. Алайда ол баптаға белгілі бір кезең көрсетілмеген. Ол бір айға созылуы мүмкін, келесі сайлауға дейін де жалғасуы мүмкін. Осы тұста нақты шектеулер қажет. Сондықтан Сенат төрағасы мен Мемлекеттік кеңесші лауазымы бірігіп, вице-президент лауазымы құрылды. Оның бірінші міндеті – Президент өз қызметін атқара алмай қалса, Президенттің жұмысын уақытша жалғастыру. Екіншіден, ол азамат лауазымда уақытша ғана отыра алады. Жаңа заңға сай 7 күн ішінде Президенттік сайлау күні белгіленіп, оны «Құрылтай» бекітуі керек.

Президент ұсынысымен бір палаталы Парламентке «Құрылтай» атауы берілді. Мен өте дұрыс деп ойлаймын. «Құрылтай» деген атау – бабаларымыздың ғасырлар бойы айтып келе жатқан төл сөзі. Мысалы, Алтын орда хандарын сайлаған кезде құрылтай құрып, сол арқылы шешім қабылданған. Еуропаның алғашқы парламенті Англияда пайда болды. Ол шамамен 13-ғасырдың соңы мен 14-ғасырдың басы. Ал біздің бабаларымыз Еуропадан бұрын, 13-ғасырдың ортасында-ақ «Құрылтай» деп Парламентті атаған. Осы құрылтайда мемлекетті басқаратын қағанды сайлаған. «Құрылтай» сөзінің түп төркіні – «құрылайық», «бірігейік» деген ұғым.

КЕЛІСІП ПІШКЕН ТОН КЕЛТЕ БОЛМАС



Осыдан бір апта бұрын Конституциялық реформалар жөніндегі комиссия Қазақстан Республикасының жаңа Ата заңының жобасын жариялаған еді. Осыған орай, Астана қаласындағы Жастар сарайында мәдениет саласының қызметкерлерімен маңызды кездесу өтті.

Кездесудің қонағы – саяси ғылымдар докторы, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Мемлекеттік басқару және қоғамдық қатынастар орталығының басшысы, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы, ҚР Ұлттық құрылтайының мүшесі Зұлфухар Ғайыпов. Іс-шара барысында ол жаңа Конституция жобасының дайындалу барысына кеңінен тоқталды. Айтуынша, бұл құжат азаматтардан, саяси партиялардан, қоғамдық ұйымдар мен сарапшылардан түскен ұсыныстарды жан-жақты талдау, ашық қоғамдық талқылау және жаңа нормалар мен ережелерді мұқият пысықтау нәтижесінде әзірленген.

– Соңғы жылдары елімізде «Әділетті Қазақстан» идеясын іске асыру мақсатында саяси жүйені жаңғыртуға бағытталған ауқымды реформалар жүргізіліп келеді. Бұл өзгерістердің басты өзегі – халықтың мемлекеттік басқару ісіне тікелей әрі мазмұнды түрде қатысуын қамтамасыз ету, – деді ол.

Спикер Конституцияға енгізіліп жатқан өзгерістер билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті сақтай отырып, елдегі саяси басқарудың жаңа моделін қалыптастыруға бағытталғанын атап өтті. Сонымен бірге институционалдық реформалардың табысты болуы тек құқықтық нормалармен ғана емес, қоғамның шешім қабылдау процесіне нақты қатысуымен өлшенетінін жеткізді. Осы тұрғыда Қазақстанның Халық кеңесін құру билік пен қоғам арасындағы тұрақты, кәсіби және жауапты диалогты қамтамасыз ететін жаңа саяси институт ретінде қарастырылып отыр. Аталған институт азаматтардың қоғамдық-саяси өмірге қатысуын кеңейтіп, мемлекет пен қоғам арасындағы өзара байланысты жаңа деңгейге көтеруді көздейді.

– Қазақта «Келісіп пішкен тон келте болмас» деген сөз бар. Дәл осы ұстаным Конституцияға енгізіліп жатқан өзгерістерге де қатысты. Қазіргі таңда жаңа Ата заң жобасы халықпен ақылдасу, кеңінен талқылау арқылы жетілдірілуде, – деді Зұлфухар Ғайыпов.

Кездесу барысында ол қолданыстағы Конституцияның кейбір баптарын оқып, оларды жаңа жобаға енгізілген өзгерістермен салыстыра отырып түсіндірді. Сонымен қатар Қазақстанның унитарлық мемлекет екеніне ерекше тоқталып, елдің аумақтық тұтастығы мен бірлігі Конституцияның негізгі қағидаттарының бірі болып қала беретінін атап өтті. Сондай-ақ парламенттік жүйеге қатысты өзгерістер де сөз болды. Бұрынғы қос палаталы Парламенттің (Сенат пен Мәжіліс) құрылымы қоғамда түрлі пікір тудырғанын айтқан Зұлфухар Ғайыпов бұл жолы халықтың ұсынысы ескеріліп, бір палаталы Парламент құру туралы шешім қабылданғанын жеткізді. Жаңа Парламент «Құрылтай» деп аталып, оның халықтың мүддесін тікелей білдіретін алаңға айналуы көзделіп отыр. Осылайша, жаңа Ата заңның жобасы қоғамның барлық өкілінің қатысуымен жан-жақты талқыланып, елдің саяси жүйесін жаңғыртуға, азаматтардың мемлекет басқару ісіне белсенді араласуына жол ашатын маңызды құжат ретінде ұсынылып отыр.

№14 (4912) 05/02/2026 Бейсенбі



БАЛА ТӘРБИЕСІ ТЕК МЕКТЕПТІҢ МІНДЕТІ МЕ?

«Білім тәрбиемен ұштасқанда ғана берекелі, сапалы болады. Білім мен тәрбие – кез келген қоғамның қос тұғыры. Бұл екеуін бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Мектеп – білім мен тәлім-тәрбиенің киелі ордасы. Ұлы Абай «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ» деген. Өскелең ұрпақты білімпаздыққа баулу қаншалықты маңызды болса, оларға дұрыс жол көрсету, бағдар беру де соншалықты маңызды. Біз жастардың адал әрі еңбекқор болып өсуіне ерекше мән беруіміз қажет. Ұл-қыздарымыз жақсы мен жаманның, ақ пен қараның арасын ажырата білуі керек» деген еді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Білім келешегі: адал азамат, кәсіби маман» тақырыбындағы тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзінде.

Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ

Қоғамдағы өзекті әлеуметтік мәселенің бірі – бала тәрбиесі. Қазіргі кезде баланың біраз уақыты мектепте өтеді. Бір кездегі мектептің үлгілі бала үлгісін қалыптастыратын орта, әлеуметтік статусы бұлыңғырланды. Соңғы кездері ата-ананы жұмысбастылығы мен күнкөрістік, тұрмыстық асыраушы қызметін бала тәрбиесіндегі олқылықтың орнын ақтап алғандай ретінде қараймыз. Көп жылғы мемлекетіміздегі өтпелі кезеңнен де көп зардап шегіп келе жатқан – осы балалар тәрбиесі. Қазір бірен-саран ата-ана болмаса, көпшілігі балаларды тәрбие жағынан мектепке, кейін интернетке жүктеп қойған. Оларға бағыт беретін мектептің ішкі ахуалының бәрі тамаша емес. Интернеттің жағдайы белгілі. Баланың психологиясы, өсу, жетілу, қабылдау, даму физиологиясы өзгерді. Жалпы «Қызым үйде, қылығы түзде» деген сөздің төркініне бойлап, олардың тәрбиесін ойлап жүрміз бе?

– Біз көбінесе бала тәрбиесі дегенге мектеп, ата-ана секілді шектеулі аяда қараймыз, жалпы бала тәрбиесін қоғамдағы күнделікті ақпараттық жүйедегі жағымды-жағымсыз жаңалықтар мен айналамыздағы болып жатқан қонымды-қонымсыз өзгерістерден бөлек қарау ойға қонымсыз. Кейінгі кезде балалардың қатысуымен орын алып жатқан бұзақылық пен қылмыстар – үйдегі тәрбиеден бөлек, сол қоғамдық салқындықтың зардабы. Бала мектепте болған кезінде ата-ана өзінің ата-аналық міндеті мен парызынан уақытша немесе толықтай құтылғандай сезінеді. Әйтеуір, мектепте болса, «құлағым тыныш» дегендей. Ал бұзақылық жасап, ата-ананы шақыртсаң, жалпы балаға «шаң жуытпайды», ол да түсінікті және мұғалімді кінәлайды. Әрине, мұғалімнің барлығы өз міндетін талапқа сай атқарып жүр деп те айта алмаймыз. Бірақ көпшілік ата- ана қай кезде де мектепке іс түссе, міндетсінеді, себебі біз, мұғалімдер, сол үшін ақшаны «күреп отырғандай». Баланың қай кезде де, қоғамда да болмасын бас ұстазы – ата-ана. Мектеп пен ата-ана бала тәрбиесінде өз орнын түсініп, бірлескенде ғана «Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейтіні, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейтіні» анық, – деді Тұрсынбек Кәкішұлы атындағы №94 мектеп-гимназия директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бауыржан Өмірзақов.

Балабақша, мектеп, колледж, университет деп жалғаса беретін оқу-ағарту, білімғылым бағытындағы мемлекеттік ұйымдар білім беріп, ілім үйреткенмен, отбасындағы әке-шешенің, ата-әженің тәлім-тәрбиесін бере алмасы анық. Дана халқымыз бұл тұрғыда «Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп те бере алмайды» деді. Бұрынғылар «Баланды емес, өзіңді тәрбиеле» дегенді де айтқан. Шындығы сол, ұрпақ ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі.

> Бүгінде жұмысбасты ата-ана баласының тәрбиесіне жеткілікті уақыт бөле бермейді де, бұл міндетті көбіне мектепке ысыра салады. Тәрбиенің негізі үйде қаланбаса, ата-ана баласына үлгі бола алмаса, мектеп баланың мінезі мен құндылығын толықтай дамыта алмайды

– Ата-ананың дені тәрбиені де мемлекеттік институттарға жүктеп қойған. Ұл-қызымыздың қарны тоқ, көйлегі көк болса болды, болашақта одан жақсы адам шығады деп ойлау – үлкен қате! Мұнда мен біздің ұстаздарға кінә тағудан аулақпын. Олар бекітілген стандарттарға сай тәлім-тәрбиені мүмкіндігінше береді. Алайда сол сабақтар үйде ата-ана тарапынан қуатталмаса, әлі қалыптаспаған бала санасы сансырап қалмай ма?! Дәстүрлі қазақ қоғамында отбасы институты тәрбиеде үлкен рөл атқарады. Ата-әженің ақылымен былдыр-былдыр тілі шыққан балдырған жақсы-жаманды ажырататын еді. Бұғанасы бекігенде обал-сауапты білетін. Ұлттық тамырдан ажыраған «ежірей» ұлдар мен «бедірей» қыздар «бостандық» деп бебеулеп, ата-енеден бойын аулақ салып, ұрпақ тәрбиесіндегі сабақтастықты үзді, желіні бұзды. Әрине, мұнда жаһанданууға байланысты қоғамдық құндылықтардың өзгеруі көп әсер етті. Дегенмен қазақы қалыптан шықпаған, қарияларын қазынасына балап отырған шаңырақтар да бар. Байқасаңыз, олардың өсіріп отырған ұл-қызының жүзі жылы, мінезі нұрлы. Кемпір-шалдың тәрбиесін көрген біз 20 жыл бұрын шаңырақ көтердік. Құдайдың бергені шығар, көпбалалы отбасы атандық. Тұңғышымыз мектепке барғанда мұғалімнің: «Баланың тәрбиесіне алдымен ата-ана жауапты. Сіздер үйде қандай болсаңыздар, балаларыңыз мектепте сондай болады» дегені есте қалыпты. Кейіндеу өзім облыстық арнада «Әкелердің әңгімесі» деген бағдарлама жүргіздім. Ұрпақ тәрбиесіне қатысты аузы дуалы талай әкемен сұхбат құрдым. Көзімнің жеткені – ұл-қызыңның тәрбиесімен өзің айналыспасаң, біздің заманда пиғылы жат, ниеті бұзық «тәрбиелеушілер» көп. Опық жеп қаласың. Дана қазақ «Тәрбие – тал бесіктен» дегенді қалай ғана тауып айтқан! Сондықтан бала тәрбиесіне ата-ана немқұрайды қарамауы қажет, – дейді журналист Данияр Болысбекұлы.

Отбасындағы тәрбиеге келгенде ата-ана осалдық танытса, ұл ұя бұзып, қыз қылығын жоғалтады. Ұрпақ мықты болып өсуі үшін ата-ананың жауапкершілігі болуы керек. Қалай болған күнде де бала тәрбиесін мектепке теліп қоюға болмайды.

– Бүгінде жұмысбасты ата-ана баласының тәрбиесіне жеткілікті уақыт бөле бермейді де, бұл міндетті көбіне мектепке ысыра салады. Тәрбиенің негізі үйде қаланбаса, ата-ана баласына үлгі бола алмаса, мектеп баланың мінезі мен құндылығын толықтай дамыта алмайды. Тәрбие ең алдымен отбасында берілуі тиіс, ал мектеп оны толықтырып, бағыт-бағдар береді, – деді Астана қаласындағы №9 «Зерде» мамандандырылған лицейі директорының бейіндік жұмыстар жөніндегі орынбасары Жанаргүл Дүйсенғалиева.

ЖИ-ді ҒАНА ЕМЕС, МИДЫ ДА ҚОЛДАНАЙЫҚ

ЖИ-ді қолданғалы миды қолданбайтын болдық. Адамның бүгінгі өнертабысының барлығы жанның жайлылығы, тұрмыстың тауқыметінен арылу мақсатында жасалды. Жасанды интеллект өмірімізге етене енген сайын адам баласы ойлануды, ізденуді, талдауды біртіндеп ысырып қоя бастады. «Айдауыма көнесің, айтқаныма жүресің» деген әміршіл дағды бұрын адам мен адам арасында болса, енді ЖИ мен адам арасында орнап жатыр.

Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ

Әлемдік статистикаға сүйенсек, қазіргі таңда жер шарында 3,5-4 миллиардқа жуық адам жасанды интеллектке негізделген сервистерді күнделікті қолданады. Мұның барлығы – интернет пайдаланушылардың жартысына жуығы. Олардың қатарында мәтін жаздыратындар да, есеп шығартып отырғандар да, тіпті ішкі күйзелісін чат-ботқа айтатындар да бар. Сарапшылардың болжамынша, 2030 жылға қарай ЖИ-ді қолданушылар саны 5 миллиардтан асады.

Ми – энергияны үнемдеуге бейім ағза. Ол өзін қинамайтын төте жолды таңдайды. Сол себепті адам баласының жалқаулыққа бейімділігі – табиғи қасиет. Мәселен, әлемнің озық технология компаниялары кейде жалқаулыққа жаны құмар азаматтарды жұмысқа тартатын көрінеді. Мұның да бір сыры бар. Өйткені жалқау адам жұмысты жеңілдетудің амалын табады. Алайда бұрын бір саланы жеңілдеткен тәсіл екінші салада қиындық тудыратын. Ал жасанды интеллект осы олқылықтың орнын толтырып, бәрін бір жүйеге бағындырды. Нәтижесінде жұмыс жеңілдеп, ойлау азайды. Соңғы жылдары жүргізілген зерттеулерге сүйенсек, жасанды интеллектті үздіксіз пайдаланатын студенттердің аналитикалық ойлау көрсеткіші 20-30 пайызға дейін төмендеген. Білім алу жеңілдегенмен, білімнің салмағы азайып барады.

Жасанды интеллект еңбек нарығын да өзгертіп жатыр. Халықаралық еңбек ұйымы 2030 жылға дейін 700-800 миллионға жуық жұмыс орны автоматтандыру салдарынан жойылуы мүмкін екенін мәлімдеді. Бүгіннің өзінде банкте, медиада, бухгалтерияда, call-орталықта адам еңбегін ЖИ алмастыра бастады. Істің өнімділігі артқанмен, іссіз қалған адамның тағдырына кім жауап береді? Уақытты үнемдейміз деп қоғамның бір бөлігін артық жүкке айналдырып алған жоқпыз ба?

Өзің диуанасың, кімге не айтасың?! Еліміз бұл үдерістен шет қалған жоқ. Керісінше, Орталық Азияда жасанды интеллектіні енгізуде алдыңғы қатарда тұр. Президенттің Жарлығымен 2026 жыл «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жарияланды. Бұл – үлкен мүмкіндік. Алайда мүмкіндікпен бірге үлкен жауапкершілік те қатар жүруі тиіс.

Әлеуметтік желіде ЖИ-ді меңгерген жасампаздар небір қызықты контенттер шығаруда. Ондағы көрініс тіпті алаңдатарлық. Біреудің бейнесін сөйлету, билетіп қою, мазаққа айналдыру қазір қалыпты шығарылымға айналды. Көпшілік оны шынайы деп қабылдайды. Бұл медиасауаттылықтың төмендігін көрсетеді. Бұдан бөлек, өмірден өткен адамдардың бейнесін қолдану – этикалық әрі діни тұрғыдан үлкен қателік. Ислам діні де, қазақы дүниетаным да мұны құптамайды. Бұрын «әруақты мазалама» деген ұғым болса, бүгін оны ЖИ арқылы жымитып, тірілтіп отырмыз.

Жасанды интеллект шығармашылық салаға да салмақ салды. Кейбір талантты адамдардың еңбегі уақытылы бағаланбай, шабыттың шырағы сөне бастады. Машина тез жазады, бірақ ештеңені сезінбейді. Ал сезімсіз мәтін көбейген сайын тіл жұтаңдайды. Соңғы жылдары қазақ тіліндегі бай, образды, көркем мәтіндердің сиреуі – соның айғағы. Сөйлесу мәнері де роботқа ұқсап барады. Ең сорақысы – адамдардың бір-бірімен сырласудан гөрі жасанды интеллектке мұң шағуы. Сезім қылын шөппен шұқитындай ЖИ де кеңесті сыпайы жазып беріп, кішігірім қолдау жасайды. Бұл шын жолдастың жанға батырып кеңес бергенінен артық саналатын секілді. ЖИ-ден сұрау – жасанды жұбаныш қана. Бұлай жалғаса берсе, адам мен адамның бір-бірімен тілдесуі мұң болмақ. «Жолдасың соқыр болса, бір көзіңді қысып жүр» дегендей, жолдасымыз ЖИ болса, «жарты адам» болып қалмайық. Егер бұл үрдіс жалғаса берсе, адам мен адамның арасындағы шынайы байланыс үзіледі. Ал қоғамды қоғам ететін – сол байланыс.




Ақын Мұхтар Шаханов айтқан «компьютер басты жарты адамдардың» сұлбасы бүгінде көз алдымызда жүр. Қолындағы шағын құрылғыға телмірген адам бүкіл әлемді соған сыйғызды, бірақ сол әлемнің ішінде өзін жоғалтып алмаса болғаны. Ақпарат көп, бірақ мағына аз. Жылдамдық бар, бірақ жарамдылық кем.

Жасанды интеллектіні толық жоққа шығару да, оған толық табыну да дұрыс емес. Ол – жай ғана құрал. Көмекші. Орындаушы. Бірақ ойлаушы емес. Жасанды интеллект көптің орнын алмастыру үшін емес, көпке көмектесу үшін қызмет етуі тиіс. Ал адамға қалғаны ойлану ғана. Сол ойлауды да ЖИ-ге тапсырып қойсақ, онда адам болмысының өзінен-өзі адасатыны ақиқат.

Адамзат бүгінгі деңгейіне қиял арқылы жетті. Қиялды шектеген сәттен бастап даму да тоқтайды. Сондықтан технологияны емес, адамдықты сақтау – ең басты міндет.

Санаңыз жансызданбасын десеңіз – жазыңыз. Қолжазба бәрін түзейді. Жазу сананы ұйыстырды. Бүгінгі ақпарат тасқыны, жасанды интеллект пен цифрлық әлем – сол ежелгі жазудың заманауи жалғасы ғана. Сондықтан жазу – бүгінгінің алтын темірқазығы. Ол – адамзат санасын бір арнаға тоғыстырып, тарих пен тағдырды тілсіз қалдырмай, сөйлеуге, сезінуге үйреткен жаһандық жаңалық.

№14 (4912) 05/02/2026 Бейсенбі



ТАРИХ ПЕН ТАҒЫЛЫМ ТОҒЫСҚАН ҒИМАРАТ

Астанадағы қасиетті қара шаңырақ, жеке тұлғаға арналған алғашқы рухани-мәдени орталық – С.Сейфуллин музейі тек құнды жәдігерлерімен ғана емес, ғимаратының терең тарихымен де ерекшеленеді. Биыл музей ғимаратының салынғанына 180 жыл толып отыр. XIX ғасырдың сәулет және тарихи ескерткіші саналатын бұл қос ғимарат – ел тарихының бірнеше кезеңінен сыр шертетін бірегей нысан.

Музей орналасқан негізгі ғимарат 1846 жылы Самара қаласынан келген көпес Казанцевтің бастамасымен салынған. Ол кезде біреуі тұрғын үй, екінші ғимарат кеңсе ретінде пайдалануға арналып салынады. Кеңсе ғимаратына былғары, жүн секілді шикізат түрлері қабылданып, жертөледе сақталып, кейін Ресейге жөнелтіліп отырған. Ғимараттың берік әрі орнықты етіп салынуы оны жасаған шеберлердің кәсіби деңгейін көрсетеді. Соның нәтижесінде бұл нысан бір жарым ғасырға жуық уақыт бойы әртүрлі мақсатта пайдаланылып келеді. Ғимарат ағаштан салынғанымен, биік іргетасы оның шіруі мен бүлінуіне жол бермей, бүгінге дейін сақталған. Әкімшілік мақсатқа лайықтап жобаланған бөлмелер жүйесі, сәндік әрі жылу сақтауға арналған шатыр, ойылып өрнектелген терезе жақтаулары – сол дәуір сәулет өнерінің айқын белгілері. Ғимараттың жалпы биіктігі – 10 метр. XX ғасырдың 20-жылдары бұл ғимаратта Ақмола уездік атқару комитетінің кабинеттері орналасқан. Дәл осы жерде Сәкен Сейфуллин мемлекеттік қызмет атқарып, елдің қоғамдық-саяси өміріне белсене араласқан. Сондықтан бұл ғимарат – қоғам және мемлекет қайраткерінің өмір жолымен тікелей байланысты тарихи орын.

Музей кешеніндегі екінші ғимарат – музейдің әкімшілік ғимарат үйі. Бұл үйде бір кездері Сәкен Сейфуллиннің жақын досы, белгілі дәрігер Федор Благовещенский (1881-1938 жж.) тұрған. Ол медицина саласында 37 жыл еңбек етіп, терапиямен қатар офтальмология, акушерлік-гинекология, хирургия, туберкулезді емдеу бағыттарында мол тәжірибе жинақтаған. Жергілікті және көпұлтты халық арасында жоғары беделге ие болған дәрігер кейінгі жылдары ел ағарту ісіне де үлес қосқан. Бұл ғимарат бір кезеңде бухгалтерлік мектеп ретінде де қызмет атқарған.

Әкімшілік үй кесілген ағаштан салынған, темір шатырмен жабылған. Терезе жабулары жұлдызша, ромб пішінді геометриялық өрнектермен әшекейленген. Дәліздік жүйемен жобаланған ғимараттың сәулеттік келбетінен орыс, батыс, еуропа және неміс сәулет өнерінің элементтерін байқауға болады. Көркемдігімен ерекшеленетін нысан бүгінде мемлекет қорғауына алынған. Дәл осы жерде XX ғасырдың 20-жылдары ел тағдырына қатысты маңызды шешімдер қабылданып, қазақ мемлекеттігінің жаңа кезеңі қалыптасты. Сондықтан бұл ғимарат тек архитектуралық ескерткіш қана емес, ұлт тарихының тірі куәгері саналады. Ғасырлар бойы сақталған мұндай тарихи ғимараттар Астананың өткенін танып-білуге, жас ұрпаққа тарихи сананы қалыптастыруға қызмет етеді. Астанадағы С.Сейфуллин музейі және оған ұқсас көне ғимараттар, көне нысандар – елорданың рухани өзегін айқындайтын мәдени мұра. Ғасырлар қойнауынан жеткен ғимарат пен ұлт рухын асқақтатқан тұлғаның мұрасы – келер ұрпақ үшін баға жетпес қазына.

Гүлназия ИБРАЕВА,
Астана қаласы
Бірлескен музейлер
дирекциясы С.Сейфуллин
құрылымдық бөлімшесі
ғылыми-зерттеу бөлімінің
жетекші ғылыми
қызметкері

ӘДЕБИЕТТІҢ БИЫЛҒЫ «АЙБОЗДАРЫ»

Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрында 2025 жылғы «Айбоз» ұлттық әдеби сыйлығының жеңімпаздарын марапаттау салтанаты өтті. Іс-шараға ҚР Премьер-министрінің орынбасары – ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Мереке Құлкенов қатысты.

Дәстүрлі «Айбоз» ұлттық әдеби сыйлығына 7 номинация бойынша 180-ге жуық өтінім келіп түскен. Соның ішінде әділқазылардың көңілінен шығып, топ



жарғандары: «Үздік поэзия» – Хамит Есаманның «Айша бибі» поэмасына, «Үздік проза» – Дәурен Қуаттың «Бруклин көпіріндегі кездесу» туындысына, «Үздік драматургия» – Әділбек Ыбырайымұлының «Кенесары хан» еңбегіне, «Үздік әдеби аударма» – Әсем Ережекқызының «Күн қармаған бала» аудармасына, «Үздік балалар әдебиеті» – Қанат Әбілқайырдың «Алтын бала» шығармасына, «Үздік әдеби сын» – Амангелді Кеңшілікұлының «Мұқағали мен Енхе. Ақын мен адамның драмасы» зерттеу мақаласына, ал «Үздік комикс» жанры бойынша Ильдар Сансызбайұлының «Табу. Жоғалған үміттің ізі» атты туындысына берілді. Марапаттау рәсімінде сөйлеген Аида Балаева «Айбоз» ұлттық әдеби сыйлығы қазақ әдебиетіндегі жаңа есімдерді танытуға, шығармашылық еркіндікті қолдауға және сөз өнерінің қоғамдық маңызын арттыруға бағытталған маңызды жоба екенін атап өтті.

ҚАЛАМГЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Отырар» ғылыми кітапханасында көрнекті жазушы, сыншы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Асқар Алтаймен кездесу өтті.

Іс-шараны «Кәусар» мәдени-танымдық бірлестігінің жетекшісі, өнертану профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Кенжеғали Мыржықбай жүргізді. Ол қаламгер шығармашылығының қазақ әдебиетіндегі орнына тоқталып, жастар үшін мұндай жүздесулердің маңызын атап өтсе, Асқар Алтай өзінің шығармашылық жолына кеңінен тоқталып, алғашқы туындылары туралы естеліктерімен бөлісті.

«Балалар әдебиетіне ұлы жазушылардың бәрі барған. Балалар әдебиетінсіз жалпы әдебиет дамымайды. Одан бастау оңай болғанмен, үлкен әдебиетке келген соң қайта балалар әдебиетіне оралу өте қиын. Мен бұл жолды «Сарытау серісі» арқылы бастадым» деді қаламгер.

Жазушы қазіргі қазақ тілінің жай-күйіне де тоқталып, тілдің қалыптасуы отбасынан, ортадан және көркем әдебиеттен басталатынын атап өтті.



«Ең алғашқы шығармамды 1978 жылдың күзінде жазыппын. «Қызбиік» пен «Құланың ажалы» атты әңгімелерімді 8-сыныптан 9-сыныпқа өтер кезде аяқтадым. Сол кезден бастап жазу менің тағдырыма айналды. Жазушыға ерекше тағдыр керек. Ұлы қаламгерді оның тағдыры, өскен ортасы мен қоғам қалыптастырады» деді жазушы.

Әдебиеттегі ұстаздық дәстүр мен білімнің рөлі туралы да ой қозғаған қаламгер өзіне бағыт-бағдар берген тұлғаларды ерекше ілтипатпен еске алды.

«Адамға ең әуелі терең білім қажет. Ол білімді ұстаз береді. Маған Серік Қирабаев, Мұхтар Мағауин, Нығмет Ғабдуллин, Серік Мақпыров секілді алыптар дәріс оқыды. Олардың айтқан әрбір сөзі азаматтық кредома айналды» деді ол.

Жүздесуде балалар әдебиетінің маңызы да кеңінен сөз болды. Асқар Алтайдың айтуынша, кез келген үлкен әдебиеттің бастауы – балалар әдебиеті.

«Тілдің шұбарлануы осы жүйелердің бірінің бұзылуынан шығады. Қазір кейде көркем әдебиетке жат сөздерді қолдануға мәжбүрміз. Өйткені оны түсінетін оқырман азайды» деді ол.

Асқар Алтай кітап мәселесіне де айрықша тоқталып, аз тиражбен шығатын кітаптарды қазақ руханиятының үлкен қасіреті деп бағалады.

«Мен үшін кітапхана – қағба. Әр кітап қасиетті. Төрт жылымды кітапханаға арнадым. Сол жылдары жинаған білім мен қор кейін маған үлкен пайдасын тигізді. Егер елімізде 12 мың кітапхана болса, кітаптар 2-3 мың емес, кемінде 10 мың тиражбен шығуы тиіс» деді жазушы.

Кездесу соңында студенттер мен оқырмандар қаламгерге сауал қойып, әдебиет, тіл және руханият төңірегінде еркін пікір алмасты. Рухани мәні терең іс-шара жас буынға ой салған, тағылымы мол дидарласу болды.

Ерасыл
НҰРЛЫБЕКҰЛЫ



«ҰМЫТЫЛМАС ӘНДЕР» КЕШІ

6 ақпан 19:00

Е. Рахмадиев атындағы филармония

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №14

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Айгүл УАЙС